



31 наурыз 2016 жылғы
«Волковгеология» АҚ акционерлерінің
кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен
БЕКІТІЛГЕН



«Волковгеология» акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

Алматы, 2016

СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ

1. Жалпы ережелер

1. «Волковгеология» акционерлік қоғамының (бұдан ары – **Қоғам**) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның құқықтық жағдайын, құрылу, қызмет, қайта ұйымдастырылу және таратылу тәртібін, акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды, органдарының құзыретін, құрылу және жұмыс істеу тәртібін, оның лауазымды тұлғаларының өкілеттігін, сайлану тәртібін және жауапкершілігін, Қазақстан Республикасының заңына қарама-қайшы келмейтін басқа ережелерді анықтайды.

2. Қоғамның толық фирмалық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде – «Волковгеология» акционерлік қоғамы;
- 2) орыс тілінде – Акционерное общество «Волковгеология»;
- 3) ағылшын тілінде – Volkovgeologia Joint Stock Company.

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

- 1) мемлекеттік тілде – «Волковгеология» АҚ;
- 2) орыс тілінде – АО «Волковгеология»;
- 3) ағылшын тілінде – Volkovgeologia JSC.

4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050012, Бөгенбай батыр көшесі, 168.

5. Қоғам коммерциялық ұйым және ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

6. Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 13 мамырындағы № 415-11 «Акционерлік қоғамдар туралы» (ары қарай – **Акционерлік қоғамдар туралы заң**) Заңына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жататын Қоғамның қызметі туралы ақпаратты Қоғам өзінің корпоративтік веб-сайтында - www.vg.kz жариялайды.

2. Қоғамның заңды мәртебесі

7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімге, банктік шоттарға ие, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге және жүзеге асыруға, міндеттерді атқаруға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқығы бар.

8. Қоғам мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрге, сонымен қатар өзінің фирмалық атауы бар бланктерге ие. Қоғам мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде мөртабандар және басқа да өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті реквизиттерге ие бола алады.

9. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының Акционерлік қоғамдар туралы заңын, Қазақстан Республикасының басқа заңды және нормативтік құқықтық актілерін, сонымен қатар «Волковгеология» АҚ осы Жарғысын (ары қарай – **Жарғы**) басшылыққа алады.

10. Қоғам Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

11. Қазақстан Республикасының заңды актілерімен қарастырылған тәртіп бойынша, Қоғам өзінің орналасқан орнынан тыс жерлерде заңды тұлға болып табылмайтын және Қоғам тапсыруы бойынша оның атынан өзі туралы Ереженің негізінде жұмыс істейтін филиалдары мен өкілдіктерін құруға құқылы.

3. Қоғам мен акционерлердің жауапкершілігі

12. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өзінің мүлкінің шегінде жауап береді.

13. Қоғам өзінің акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан

Республикасының заңымен қарастырылған жағдайлардан басқа кезде, өздеріне тиесілі акциялар құнының шегінде Қоғамның қызметімен байланысты шығындар тәуекелін атқармайды.

14. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4. Қоғам қызметінің мақсаттары мен негізгі түрлері

15. Қоғамның қызметінің негізгі мақсаты осы Жарғымен қарастырылған қызметтерді жүзеге асыру арқылы пайда түсіру, оның ішінде Қазақстан Республикасының уран саласын минералды-шикізат базасымен қамтамасыз ету болып табылады.

16. Қоғам қызметінің негізгі түрлері болып табылады:

- 1) инженерлік іздеулер саласындағы қызмет пен атом өнеркәсібі және атом энергетикасы нысандарына осы салада техникалық кеңес беруді ұсыну;
- 2) барлау бұрғылау;
- 3) геологиялық барлау және іздеулер жүргізу бойынша қызметтер (ғылыми зерттеулер мен талдаусыз);
- 4) басқа кен өндіру өнеркәсібі және жерасаты талдау салаларына техникалық қолдау көрсету;
- 5) өнеркәсіп техникасы мен жабдықтарын монтаждау, монтаждалған жабдықтарды іске қосу және жөндеу;
- 6) қауіпті қалдықтарды жинау, өңдеу және жою;
- 7) бағдарламалық қамтамасыз етуді талдап жасау және алып жүру;
- 8) ақпараттық технологиялар аясындағы ақыл-кеңестік және тәжірибелік қызметтер, оның ішінде геологиялық саладағы ақпараттық технологиялар және ақпараттық жүйелер аясындағы басқа қызметтер түрлері;
- 9) пайдалы қазбалар кен орындарында геофизикалық зерттеулер кешенін жүргізу;
- 10) пайдаланылатын уран кен орындары үшін тау жұмыстары жоспарларының жылдық жобаларын жасау, оларды келісу және бекіту;
- 11) атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер ұсыну, оның ішінде: аумақты, бөлмелерді, жұмыс орындарын, тауарлырды, материалдарды, металл сынықтарын, көліктерді радиациялық бақылау; өнімдердің, материалдардың, қоршаған орта нысандарының құрамындағы радионуклидтердің мөлшерін анықтау, радон және басқа радиоактивті газдардың шоғырлануын өлшеу; «А» тобындағы техногенді сәулелендіру көздерімен жұмыс жасайтын қызметкерлерді жеке дозиметрлік бақылаудан өткізу;
- 12) радиоактивті қалдықтармен жұмыс жасау, оның ішінде: радиоактивті қалдықтарды жинау, сұрыптау, бөлмелерді, жабдықтарды және материалдарды қатерсіздендіру (радиоактивті ластанудан тазарту);
- 13) геологиялық барлау, гидрогеологиялық, пайдалану-барлау ұңғымаларын бұрғылау;
- 14) уранды өндіру жұмыстарын қамтамасыз ету үшін технологиялық (айдап шығару, толтыру, бақылау, тексеру) ұңғымаларды орнату;
- 15) материалдарды жинау, жалпылау және атом өнеркәсібі мен атом энергетикасы нысандары қызметтерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша жиынтық ақпаратын жасау;
- 16) уран кен орындарында геологиялық барлау және пайдалану жұмыстарын орындау мониторингін жүзеге асыру;
- 17) пайдалы қазбалар қорын санаумен және оларды мемлекеттік теңгерімге қойюмен пайдалы қазбалардың өнеркәсіптік сапасының ТЭН-сін жасау;
- 18) геодезиялық қызмет (геодезиялық жұмыстарды жүргізу);
- 19) геологиялық саладағы зертхналық-аналитикалық зерттеулер, оның ішінде прекурсорларды пайдалана отырып;
- 20) геологиялық саладағы ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-әдістемелік және тәжірибелік-құрастырымдық жұмыстар;

21) саз балшықты (бентонитті саз балшықты) өндіру.

17. Қазақстан Республикасының заңына сәйкес рұқсат алуды қажет ететін жеке қызмет түрлерін Қоғам сәйкес рұқсатты алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

5. Қоғам акционерлерінің құқықтары

18. Қоғам акционерінің құқығы бар:

- 1) Акционерлік қоғамдар туралы заңымен және/немесе осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
 - 2) дивидендтерді алуға;
 - 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысымен немесе Қоғамның Жарғысымен белгіленген тәртіпте қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;
 - 4) тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
 - 5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына, қоғамның директорлар Кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;
 - 6) Қоғам органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;
 - 7) Қоғамға қызметі туралы жазбаша сауал салуға және қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде, дәлелді жауаптар алуға;
 - 8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бөлігіне;
 - 9) Акционерлік Қоғамдар туралы заңмен белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар, Қазақстан Республикасының заңды актілерімен өзге жағдай қарастырылған болмаса.
19. Ірі акционер сондай-ақ құқылы:
- 1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлерінің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда жалпы жиналысты шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
 - 2) Директорлар кеңесіне Акционерлік қоғамдар туралы Заңына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтар енгізуді ұсынуға;
 - 3) Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
 - 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитін жүргізуін талап етуге.

6. Қоғам акционерлерінің міндеттері

20. Қоғам акционері міндетті:

- 1) акциялардың құнын төлеуге;
 - 2) Қоғам тіркеушісін және осы акционерге тиесілі акцияларды нақтылы ұстаушыны Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;
 - 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиясы болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
 - 4) Қазақстан Республикасының Акционерлік қоғамдар туралы заңының және заңды актілеріне сәйкес басқа міндеттерді атқаруға.
21. Қоғам мен тіркеуші акционердің Жарғының 21 тармағының 2) тармақшасымен белгіленген талаптарды орындамауының салдарлары үшін жауапкершілікті артпайды.

7. Қоғам мүлкі

22. Қоғам мүлкі:

- 1) акцияны төлеу үшін акционерлермен Қоғамға берілген мүлік;
- 2) қызметінің нәтижесінде алынған табыс;
- 3) Қазақстан Республикасының заңымен тыйым салынбаған басқа негіз бойынша сатып алынған мүлік есебінен қалыптасады.

8. Қоғамның бағалы қағаздары.

Қоғамның бағалы қағаздардың орналастыру тәртібі

23. Қоғам жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз түрде шығарылады.

24. Акциялар бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаларға тиесілі болса, олардың барлығы да бір акционер деп танылады және өздерінің ортақ өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды пайдаланады.

25. Бір түрдегі акция, егер Акционерлік қоғамдар туралы заңда өзгесі белгіленбеген болса, өзін иеленген әрбір акционерге осы түрдегі акцияны иеленген басқа адамдармен бірдей құқықтардың көлемін ұсынады.

26. Жай акция акционерге акционерлердің жалпы жиналысына дауыс беруге енгізілген барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен қатысуға, Қоғамда таза табыс болған кезде дивидендтерді алуға, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіппен, Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.

27. Орналастыру кезеңінде Қоғамның артықшылықты акцияларының саны оның орналастырылған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы керек.

28. Акционерлер – артықшылықты акциялардың меншік иелері акционерлер-жай акциялардың меншік иелерінің алдында дивидендтерді, Қоғамның осы Жарғының 47 пунктімен белгіленген тәртіпте алдын ала анықталған кепілдік берілген көлемде дивидендтерді алуға және Қоғам таратылған жағдайда, Акционерлік қоғамдар туралы заңымен белгіленген тәртіпте, мүліктің бір бөлігін алу артықшылықты құқығына ие.

29. Артықшылықты акциялар акционерге Жарғының 31 тармағында белгіленген жағдайлардан басқа кезде Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.

30. Артықшылықты акциялар акционерге Қоғамды басқаруға қатысуға құқық береді, егер:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысының шешімі артықшылықты акцияларды иеленген акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қарастыратын болса. Бұндай мәселе бойынша шешім тек орналастырылған артықшылықты акциялардың (сатып алынғандарын шегеріп тастағанда) үштен екісінен кем емесі шектеуге дауыс берген жағдайда ғана қабылданған болып саналады;

Артықшылықты акцияларға ие акционердің шешім қабылдау құқығын шектей алатын сұрақтарға мыналар жатады: артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің көлемін азайту немесе көлемін есептеу тәртібін өзгерту; артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу тәртібін өзгерту; артықшылықты акцияларды Қоғамның жай акцияларына айырбастау;

- 2) акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамды қайта құру не тарату туралы мәселені қарастыратын болса;

- 3) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер оны төлеуге белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап үш айдың ішінде толық көлемінде төленбеген болса.

- 4) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Акционерлік қоғамдар туралы заңына сәйкес ұйымдаспаған нарықта артықшылықты акцияларды Қоғамның сатып алуы кезінде

олардың құнын анықтау әдістемесіне өзгертулер енгізуді бекіту (әдістемені бекіту, егер ол құрылтай жиналысымен бекітілмеген болса) туралы мәселелерді қарастырады.

31. Жарғының 31 тармағының 3) тармақшасында алдын ала қарастырылған жағдай орын алған болса, онда артықшылықты акциялардың меншік иесі болып табылатын акционердің Қоғамды басқаруға қатысу құқығы оған тиесілі артықшылықты акциялар бойынша дивиденд көлемі толық төленген күннен бастап тоқтатылады.

32. Акцияны шығару, оларды орналастыру, оны айналдыру шарттары мен тәртібі, сонымен қатар жай акция бойынша дивидендтерді төлеу Қазақстан Республикасының Заңымен және Қоғам акцияларының шығуының анықтамалық басылымымен анықталады.

33. Қоғам Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

Акцияларға айырбасталатын Қоғамның бағалы қағаздарын шығару Қоғам жарияланған және орналастырылған акцияларының арасындағы айырма шегінде ғана рұқсат етіледі.

Қоғамның айырбасталатын бағалы қағаздарының шарттары, мерзімдері мен тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздардың шығарылымы проспектісінде көрсетіледі.

34. Қосымша қаражатты тарту үшін Қоғам Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

Бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, оны айналдыру шарттары мен тәртібі, сонымен қатар олар бойынша төлемдер мен сыйақылар, бағалы қағаздарды өтеу мен олардың іске асырылуынан түскен қаражатты пайдалану Қазақстан Республикасының Заңымен және Қоғамның бағалы қағаздарының шығарылымы проспектісімен анықталады.

35. Қоғам, Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы Қоғам акцияларының екінші түріне айырбастауды жүзеге асыруға құқылы, егер мұндай айырбастау мүмкіндігі Жарғымен және акциялар шығарылымының проспектісімен қарастырылған жағдайда ғана.

Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы Қоғам акцияларының екінші түріне айырбастау шарттары, мерзімі мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен және Акциялар шығарылымының проспектісімен белгіленеді.

9. Таза табысты бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер

36. Қоғамның таза табысы (салық пен басқа да міндетті түрдегі төлемдерді бюджетке төлегеннен кейін) Қоғам иелігінде қалады және акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталған тәртіппен үлестіріледі, соның ішінде дивидендтерді төлеуге де. Қалған бөлігі Қоғамды жетілдіруге немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен қарастырылған басқа мақсаттар үшін жұмсалады.

37. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер, дивидендтерді төлеу туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беруші акцияларының жай көпшілік даусымен қабылданған жағдайда ғана ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді бағалы қағаздармен төлеуге жол берілмейді.

Қоғам акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеу, мұндай төлем акционердің жазбаша келісімі бар болып, Қоғамның жарияланған акцияларымен және онымен шығарылған бағалы қағаздарымен төленген кезде ғана рұқсат етіледі.

Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтерді төлейтін уақыттың алдында келетін күнге жасалады.

Дивидендтері төленбеген акцияларды иеліктен шығару оларды алуға жаңа меншік иесінің құқығы пайда болған кезде ғана жүзеге асырылады, Егер өзге жағдай акцияны иеліктен шығару туралы шартпен қарастырылмаған болса.

38. Қоғам акциялары бойынша дивидендтерді төлеу өтіп бара жатқан қаржылық жылдың қорытындысы бойынша жүргізіледі.

39. Қоғам акциялары бойынша дивидендтерді төлеу төлем агенті арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Төлем агентінің қызметі Қоғам есебінен жүргізіледі.

40. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзімен сатып алынған акциялар бойынша, сонымен қатар сотпен немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен оны жою туралы шешім қабылданған жағдайда, акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

41. Қоғамның жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеуге жол берілмейді:

1) Қоғамның жеке капиталының теріс көлемі кезінде немесе жеке капиталы оның акциялары бойынша дивидендтерді төлеуінің нәтижесінде теріс болатын болса;

2) егер де Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңына сәйкес төлем төлеуге немесе әрекет жасауға қабілетсіздік белгілеріне сай келсе не Қоғамда көрсетілген белгілер оның акциялары бойынша дивидендтерді төлеуінің нәтижесінде пайда болса.

42. Акционер Қоғам қарызының қалыптасу мерзіміне тәуелсіз алмаған дивидендтері бойынша төлемді талап етуге құқылы.

Дивидендтер, оларды төлеуге белгілінген уақытта төленбеген жағдайда, акционерге дивидендтердің негізгі сомасымен бірге Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің ақшалай міндеттемесін немесе оның сәйкес бөлігін орындау күнінде қайта қаржыландыруының ресми мөлшерлемесінен есептеп шығарылған өсімпұлы да қоса төленеді.

43. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім Акционерлердің жылдық жалпы жиналысымен қабылданады.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдауға құқылы, бұл шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде міндетті түрде Жарғының 6 тармағында көрсетілген Қоғамның веб-сайтында жариялануы керек.

44. Жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде бұл шешім міндетті түрде Жарғының 6 тармағында көрсетілген Қоғамның веб-сайтында жариялануы керек.

45. Жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім келесі мәліметтерді мазмұндауы керек:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және басқа да реквизиттері;
- 2) дивидендтердің төленетін кезеңі;
- 3) бір жай акцияға есептегендегі дивидендтің көлемі;
- 4) дивидендтерді төлеудің басталатын уақыты;
- 5) дивидендтерді төлеудің тәртібі мен түрі.

46. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу Қоғам органының шешімін талап етпейді.

Артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу мөлшері осы кезеңде жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеуге есептеп шығарылған мөлшерден кем болмауы керек.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтері толық төленбей, оның жай акциялары бойынша дивидендтерін төлеу жүргізілмейді.

47. Артықшылықты акция бойынша дивидендтің кепілдік берілген көлемі акцияның номиналды құнының бес пайызын құрайды.

48. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу мерзімінің алдындағы бес жұмыс күнінің ішінде Қоғам міндетті түрде Жарғының 6 тармағында көрсетілген Қоғамның веб-сайтында дивидендтерді төлеу туралы ақпаратты Жарғының 45 тармағының 1), 2), 4), 5) тармақшасында көрсетілген мәліметтерді қоса отырып, сонымен

қатар Қоғамның бір артықшылықты акциясының есебінен алынған дивиденд мөлшерін жариялау керек.

10. Қоғам органдары

49. Қоғамның органдары болып табылады:

1) жоғарғы орган – **Акционерлердің жалпы жиналысы**;

2) басқару органы – **Директорлар кеңесі**;

3) атқарушы орган – **Басқарма**;

4) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау саласын бағалауды, қауіп-қатерлерді басқаруды және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыратын орган – **Ішкі аудит қызметі**.

5) Тұрақты әрекет ететін консультациялық-кеңесші орган — **Ғылыми-техникалық кеңес** (ары қарай - **ҒТК**). ҒТК құрылу тәртібі, құзыреттілігі, қызметін ұйымдастыру тәртібі Қоғам Басқармасымен бекітілетін ҒТК туралы ережемен анықталады.

50. **Акционерлердің жалпы жиналысы** жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:

1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;

2) өткен қаржылық жылдағы таза табысты бөлудің тәртібі мен бір жай акцияға есептелгендегі дивидендтің мөлшері анықталады;

3) акционерлердің қоғамның және оның лауазымды адамдарының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Директорлар Кеңесінің төрағасы директорлар Кеңесінің және қоғамның Басқарма мүшелеріне сыйақы беру мөлшері және олардың құрамы туралы қоғамның акционерлеріне хабарлайды.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы олар бойынша шешімдер қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарауға құқылы.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бес айдың ішінде өткізілуі керек.

Көрсетілген мерзім Қоғамның аудитін есептік кезеңге аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

51. **Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:**

1) Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу немесе Қоғамның Жарғысын жаңа редакцияда бекіту;

2) Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сонымен қатар оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу, оларды қабылдаған жағдайда;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешімді қабылдау;

5) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың екінші түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін анықтау;

8) есеп комиссияның сандық құрамы мен өкілеттігінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттігінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен бірге Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және Директорлар кеңесінің мүшелерінің шығыстарын өтеу көлемі мен шарттарын анықтау;

10) Директорлар кеңесі туралы Ережені бекіту, сонымен қатар оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;

11) қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

12) жылдық қаржы есептілігін бекіту;

13) есептік қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлудің тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді қабылдау және жыл қорытындысы бойынша дивидендтің мөлшерін Қоғамның бір жай акциясына есептеп бекіту;

14) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдау;

15) Қоғам акцияларын ерікті түрде делистингілеу туралы шешім қабылдау;

16) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құру немесе олардың қызметіне қатысу не өзге заңды тұлғалардың қатысушысы (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамның акционерлерді акционерлердің жалпы жиналысы туралы хабарландыруының түрін анықтау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;

18) Акционерлік қоғамдар туралы заңына сәйкес ұйымдаспаған нарықта артықшылықты акцияларды Қоғамның сатып алуы кезінде олардың құнын анықтау әдістемесіне өзгертулер енгізуді бекіту (әдістемені бекіту, егер ол құрылтай жиналысымен бекітілмеген болса);

19) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

20) акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсынудың тәртібін, сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралын анықтау, егер мұндай тәртіп Жарғымен анықталмаған болса;

21) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;

22) Қоғамның лауазымды тұлғасынан тартқан залалының немесе шығынының орнын толтыру үшін Акционерлік қоғамдар туралы заңының 63 бабына сәйкес Қоғамның сотқа шағымдануы туралы шешім қабылдау;

23) Қоғамның дивидендтік саясатын бекіту;

24) шешімдерін қабылдау Акционерлік қоғамдар туралы заңмен және/немесе Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыреттілігіне жатқызылған басқа мәселелер.

Осы тармақтың 2)-4) және 18) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімі, Қоғамның жалпы дауыс беруші акцияларының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

Жарғының 51 тармағының 7) тармақшасында көрсетілген сұрақтар бойынша акционерлердің жалпы жиналысымен шешім қабылдау кезінде, орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың екінші түріне айырбастау бөлігінде, артықшылықты акцияларға ие акционердің құқығын шектей алатын шешім, орналастырылған (сатып алынғандарын шегеріп тастағанда) артықшылықты акциялардың жалпы санының үштен екі бөлігінен кем емесі осындай шешімге дауыс берген жағдайда ғана қабылданған болып есептеледі.

Басқа мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімі дауыс беруге қатысып отырған Қоғамның жалпы дауыс беретін акциялары санының жай көпшілік дауысы арқылы қабылданады, егер Акционерлік қоғамдар туралы заңымен өзге жағдай қарастырылмаса.

Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыреттілігіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауды басқа органдардың, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмысшыларының құзыреттілігіне тапсыруға рұқсат етілмейді, егер өзгесі Акционерлік қоғамдар туралы заңмен және Қазақстан Республикасының басқа заңды акттерімен қарастырылмаса.

Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша басқа органдардың кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

52. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Қоғамның Директорлар кеңесі шақырады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы мыналардың бастамасы бойынша шақырылады:

- 1) Директорлар кеңесінің;
- 2) ірі акционердің.

Ерікті түрде таратылу процесіндегі Қоғамның акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы Қоғамның тарату комиссиясымен шақырылуы, дайындалуы және өткізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңды акттерімен міндетті түрдегі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту жағдайлары қарастырылуы мүмкін.

53. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізу жүзеге асырылады:

- 1) Басқармамен;
- 2) өзімен жасасқан шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісімен;
- 3) директорлар Кеңесімен;
- 4) Қоғамның тарату комиссиясымен.

Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу бойынша шығындарды Қоғам көтереді, Акционерлік қоғамдар туралы заңымен өзге жағдайлар белгіленбеген болса.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы, Қоғамның органдары Акционерлік қоғамдар туралы заңмен белгіленген акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың тәртібін бұзған жағдайда, кез-келген мүдделі тұлғаның шағым-талабы бойынша қабылданған соттың шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Қоғамның акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы, егер Қоғамның органдары оның акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы талабын орындамаса, Қоғамның ірі акционерінің шағым-талабы бойынша қабылданған соттың шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

54. Ірі акционердің талабы бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру Қоғамның атқарушы органының орналасу орнына сәйкесінше жазбаша мәлімдемені жіберу арқылы директорлар Кеңесіне ұсынылады, онда осындай жиналыстың күн тәртібі мазмұндалуы керек.

Қоғамның директорлар Кеңесінің ірі акционердің талабы бойынша шақыртылған акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуге ұсынылған тәртіпті және күн тәртібіне енгізілген сұрақтардың тұжырымдамасына өзгертулер енгізуге құқығы жоқ.

Көрсетілген талаптарға сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылған кезде директорлар Кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қарауы бойынша кез келген сұрақтармен толықтыруына құқығы бар.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы ірі акционердің (акционерлердің), талабы бойынша шақыртылған жағдайда, оның мазмұнында мұндай жиналысты шақыртуды талап етіп отырған акционерлердің (акционердің) аты (атауы) және оған тиесілі акциялардың көлемі мен түрі көрсетілуі керек.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы талапқа акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыртуды талап етіп отырған тұлғаның (тұлғалардың) қолы қойылады.

Директорлар Кеңесі көрсетілген талапты алғаннан кейін он күннің ішінде шешімді қабылдауға және мұндай шешім қабылданғаннан кейін үш жұмыс күнінің ішінде осы

талапты ұсынған тұлғаға акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шақырылуы туралы немесе оның шақыртылмауы туралы мәлімдемені жіберуге міндетті.

55. Қоғамның директорлар Кеңесінің ірі акционердің талабы бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыртудан бас тартуы туралы шешім қабылдауына болады, егер де:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту талабын ұсыну туралы Жарғының 54 тармағында белгіленген тәртіп сақталмаған болса;

2) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне ұсынылған сұрақтар Қазақстан Республикасының талаптарына сәйкес келмесе.

Қоғамның Директорлар кеңесінің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыртудан бас тартуы туралы шешімімен сотта дауласуға болады.

Акционерлік қоғамдар туралы заңмен белгіленген мерзім ішінде Қоғамның Директорлар кеңесі ұсынылған талап бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы шешімді қабылдамаған жағдайда, оны шақыртуды талап етіп отырған тұлғаның сотқа шағымданып, Қоғамды акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуге міндеттеуіне құқығы бар.

56. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғамның акция ұстаушыларының тізіліміндегі деректердің негізінде Қоғамның тіркеушісі жасайды. Көрсетілген тізімді жасаудың уақыты жалпы жиналысты өткізу туралы шешімді қабылдаудың уақытынан ерте белгілене алмайды.

Акционерлердің тізіміне енгізілетін мәліметтер уәкілетті органмен анықталады.

Егер, акционерлердің тізімін жасағаннан кейін, осы тізімге енгізілген, акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар тұлға өзіне тиесілі Қоғамның дауыс беруші акцияларын иеліктен шығарса, акционерлердің жалпы жиналысына қатысудың құқығы жаңа акционерге өтеді. Сонымен бірге акцияға меншік құқығын бекітетін құжаттар ұсынылуы керек.

57. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің күні мен уақыты жиналыста оған қатысуға құқығы бар тұлғалардың барынша көп қатыса алатындай болып белгіленуі керек.

Акционерлердің жалпы жиналысы атқарушы органның орналасқан жері бойынша елді мекенде өтуі керек.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеуді бастаудың уақыты мен жиналысты өткізудің уақытын Қоғамның есеп комиссиясы жиналыстың қатысушыларын тіркеуге, санын есепке алуға және онда кворумның болуын анықтауға жеткілікті болатындай уақытта қамтамасыз етуі керек.

58. Акционерлер таяу уақытта жалпы жиналыстың өтетіні туралы жиналысты өткізу күніне отыз күнтізбелік күн қалғаннан кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – қырық бес күнтізбелік күн қалғаннан кешіктірілмей хабардар болуы керек.

Акционерлердің жалпы жиналысының өтетіні туралы хабарлама Жарғының 6 тармағында көрсетілген Қоғамның веб-сайтында жариялануы керек немесе акционерлерге жіберілуі тиіс.

59. Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының өтетіні туралы хабарламада мазмұндалуы керек:

1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;

2) жиналысты шақыруға бастама көтеруші туралы мәліметтер;

3) қоғам акционерлері жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқысы өткізілмесе, қоғам акционерлерінің өткізілуге тиісті болған жалпы жиналысының қайта өткізілетін күні және уақыты;

4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасаудың уақыты;

5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Қоғамның акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдармен таныстырудың тәртібі.

60. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы акционерлердің бастапқы (өткізілмеген) жалпы жиналысын өткізуге белгіленген уақыттан кейінгі келесі күннен бұрын болмайтын етіп белгіленуі мүмкін.

Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы акционерлердің өткізілмеген жалпы жиналысының орнында өткізілуі керек.

Акционерлердің қайталама жалпы жиналысының күн тәртібінің акционерлердің өткізілмеген жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауы керек.

61. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар кеңесімен жасалады және талқылауға енгізілетін нақты қалыптастырылған мәселелердің жан-жақты тізімін мазмұндауы керек.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі, ірі акционермен немесе Директорлар кеңесімен толықтырылуы мүмкін, егер осы тармақтың 5 бөлігінде көрсетілгендей Қоғам акционерлері мұндай толықтырулар туралы жалпы жиналысты өткізу уақытынан он бес күн бұрын хабардар болған болса.

Қатысу тәртібімен өткізілетін акционерлерінің жалпы жиналысы ашылар кезде Директорлар кеңесі өздерінің алған күн тәртібіне өзгеріс енгізуі туралы ұсыныстарды мәлімдеуге міндетті.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналысқа ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.

Өзгеріс енгізуге акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған және жиынтығында Қоғамның дауыс беруші акцияларының тоқсан бес пайызынан кем болмайтынына ие акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берген болса, күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Күн тәртібі артықшылықты акцияларға ие акционерлердің осы сұрақ бойынша шешімін қабылдау құқығын шектейтін сұрақпен толықтырылуы мүмкін, егер де бұл сұрақты енгізу үшін орналастырылған артықшылықты акциялардың (сатып алынғандарын есептемегенде) жалпы көлемінің екіден үш бөлігінен кем емес бөлігі дауыс берген болса.

Сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің жалпы жиналысында шешім қабылдаудың кезінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертіле және (немесе) толықтырыла алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілмеген сұрақтарды қарастыруға, және ол бойынша шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.

Күн тәртібінде «әр түрлі», «өзге», «басқалары» деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы тұжырымдамаларды және осыларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

62. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдар осы сұрақтар бойынша негізделген шешімдерді қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпаратты мазмұндауы керек.

63. Қоғамның органдарын сайлау сұрақтары бойынша материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы келесі ақпарат болуы тиіс:

- 1) аты-жөні, сонымен бірге тілек білдіруі бойынша – әкесінің атын;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) қоғамға артықшылығы туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдың ішіндегі жұмыс орындары және атқарған қызметі туралы мәліметтер;

5) кандидаттардың біліктілігін, жұмысының тәжірибесін растайтын басқа ақпараттар.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қоғамның директорлар

кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мсұрақ енгізілген жағдайда материалдарда мыналар: Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған кандидат қандай акционердің өкілі болып табылатындығы және (немесе) ол қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатын – табылмайтындығы көрсетілуге тиіс.

Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат Қоғам акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған (кеңес берілмеген) акционер не жеке тұлға болып табылса, онда бұл мәліметтер де акционерлер тізімін жасау күніне акционердің иелігіндегі Қоғамның дауыс беруші акцияларының үлесі туралы мәліметтерімен бірге материалдарда көрсетілуге жатқызылады.

64. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдарға енгізілуі керек:

- 1) Қоғамның жылдық қаржы есептілігі;
- 2) жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің аяқталған қаржылық жылға Қоғамның таза табысын бөлудің тәртібі мен бір жай акцияға есептегендегі бір жылға дивидендтің көлемі туралы ұсынысы;
- 4) Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге бастама көтерушінің қалауы бойынша басқа құжаттар.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде жиналыс өткізілетін күннен он күн бұрын дайын әрі қол жетімді болуға тиіс, ал акционердің сауал салуы түскен кезде – сауал салу алғаннан кейін оған үш жұмыс күнінің ішінде жіберілуге тиіс, құжаттар көшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге кеткен шығыстар акционерге жүктеледі.

65. Акционерлердің жалпы жиналысы егер жиналысқа қатысушыларды тіркетудің уақытының соңында, жиынтығы Қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан да көп пайызына ие оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлер немесе акционерлердің тізіміне енгізілген олардың өкілдері тіркелген болса, күн тәртібінің сұрақтары бойынша шешімді қарастыруға және қабылдауға құқылы.

66. Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысының орнына өтетін акционерлердің қайта өткізілген жалпы жиналысы, күн тәртібінің сұрақтарын қарастыруға және ол бойынша шешімді қабылдауға құқылы, егер:

- 1) кворумның болмауына байланысты өткізілмеген акционерлердің жалпы жиналысын шақырудың тәртібі сақталған болса;
- 2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін Қоғамның дауыс беруші акцияларының қырық және одан да көп пайызына ие акционерлер, сонымен бірге сырттай дауыс беруші акционерлер тіркелген болса.

Акционер сырттай дауыс беру үшін бюллетендер жіберген жағдайда, көрсетілген бюллетендерде ұсынылған және Қоғаммен жалпы жиналыстың қатысушыларын тіркеу сәтінде алынған дауыстар кворумды анықтаған кезде және дауыс берудің қорытындыларын шығарған кезде есепке алынады.

Сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің жалпы жиналысын өткізген кезде кворум болмаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы қайтадан өткізілмейді.

67. Есеп комиссиясы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында сайланады және құрамы үш адамнан кем болмауы керек. Қоғамның алқалық органдарының мүшелері есеп комиссиясының құрамына кіре алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің уақытында есеп комиссияның мүшесі болмаған жағдайда жиналыстың өткізу уақытына есеп комиссияның мүшесін қосымша сайлауға рұқсат беріледі.

Есеп комиссиясы:

1) акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін келген адамдардың өкілеттігін тексереді;

2) акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді және оларға акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтары бойынша материалдарды береді;

3) сырттай дауыс беру үшін алынған бюллетендердің жарамдылығын анықтайды және күн тәртібіндегі әрбір сұрақ бойынша жарамды бюллетендердің саны мен оларда көрсетілген дауыстарды санайды;

4) акционерлердің жалпы жиналысында, сонымен бірге жиналысты өткізген уақыттың бүкіл бойына кворумның бар екендігін анықтайды, және кворумның бар немесе жоқ екендігін жария етеді;

5) акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің құқықтарын іске асырудың мәселелерін түсіндіреді;

6) акционерлердің жалпы жиналысында қарастырылған сұрақтар бойынша дауыстарды санайды, және дауыс берудің қорытындыларын шығарады;

7) акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс берудің қорытындылары туралы хаттама жасайды;

8) дауыс беруге арналған бюллетендерді және дауыс берудің қорытындылары туралы хаттаманы Қоғамның мұрағатына тапсырады.

Есеп комиссиясы акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру үшін толтырылған бюллетендердегі ақпараттардың құпиялылығын қаттамасыз етеді.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша есеп комиссиясының қызметі Қоғам тіркеушісіне жүктелуі мүмкін.

68. Акционердің тікелей немесе өзінің өкілі арқылы акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын сұрақтар бойынша дауыс беруге құқығы бар.

Қоғам Басқармасының мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде қатысуға құқығы жоқ.

Қоғам қызметкерлері акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде шығуға құқығы жоқ, мұндай өкілдік акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық сұрақтар бойынша дауыс беру туралы нақты сілтемелері бар сенімхатпен негізделген жағдайларды қоспағанда.

Қазақстан Республикасының заңына немесе келісім-шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін ұсынуға құқығы бар тұлғалар үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын сұрақтар бойынша дауыс беруіне сенімхат талап етілмейді.

69. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Акционерлік қоғамдар туралы заңға, Жарғыға және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарға сәйкес немесе тікелей акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталады.

Акционерлердің жалпы жиналысын ашқанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі өзінің акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттігін растайтын сенімхатты ұсынуы тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтаған кезде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Артықшылықты акциялардың меншік иесі болып табылатын Қоғамның акционері іштей тәртіпте өткізіліп отырған акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға, және оның қарастырып отырған сұрақтарын талқылауға қатысуға құқылы.

Егер де өзгесі ішкі тәртіппен өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленбеген болса, онда жиналыста шақырусыз өзге адамдар қатыса алады. Мұндай адамдардың акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеу құқығы акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталады.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған кезде жарияланған уақытында

ашылады.

Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарландырылған және жиналыстың ашылу уақытының өзгеруіне қарсы болмаған жағдайдан басқа кезде, акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақытынан ерте ашыла алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасы (төралқа) мен хатшысын сайлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс берудің түрін анықтайды – ашық немесе жасырын (бюллетендер бойынша).

Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқа) мен хатшысын сайлау туралы сұрақ бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционер бір дауысқа ие болады, ал шешім қатысып отырған акционерлердің жай көпшілік дауыстарымен қабылданады.

Басқарма мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды, жиналысқа қатысып отырған барлық акционерлер Басқарма құрамына кіретін жағдайларды қоспағанда.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасының қарастырылып отырған сұрақ бойынша пікірталасты доғару, сонымен қатар осы сұрақ бойынша дауыс беруді өзгерту туралы ұсынысты дауыс беруге шығаруға құқылы.

Төраға, осындай сөз сөйлеу Акционерлердің жалпы жиналысының тәртібін бұзуға алып келетін немесе осы сұрақ бойынша теке-тірес тоқтатылған жағдайлардан басқа кезде, күн тәртібінің сұрағын талқылауға қатысуға құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне кедергі жасауға құқығы жоқ.

Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысына үзіліс жасау туралы және жұмысының мерзімін ұзарту туралы, сонымен бірге акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген сұрақтарды қарастыруды келесі күнге ауыстыру туралы шешімді қабылдауға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық сұрақтарды қарастырғаннан және олар бойынша шешімдерді қабылдағаннан кейін ғана жабық деп жариялана алады.

Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен анықтығына жауап береді.

70. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысында қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру), не Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін.

Сырттай дауыс беруді өткізген кезде бірдей үлгідегі бюллетендер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады).

Қоғамның Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс берудің нәтижелеріне әсер ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетендерді жекелген акционерлерге таңдап алу арқылы жіберуге құқығы жоқ.

Дауыс беруге арналған бюллетендер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізетін күнге қырық бес күн қалғаннан кешіктірілмей жіберілуі керек.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей сырттай дауыс беру кезінде, Жарғының 6 тармағында көрсетілген Қоғамның корпоративтік веб-сайтында акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетендерді, акционерлердің жалпы жиналысының өтетіні туралы хабарламамен бірге жариялауға міндетті.

71. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетендерде мазмұндалуы керек:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыруға бастама көтеруші туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетендерді ұсынудың түпкілікті уақытын;

4) акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің уақытын немесе акционерлердің жалпы жиналысын өткізбестен, сырттай дауыс беру үшін берілген дауыстарды санаудың уақытын;

5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау туралы сұрақтар мазмұндалған болса сайлауға ұсынылған үміткерлердің аттарын;

7) дауыс беру өткізіліп отырған сұрақтар бойынша тұжырымдаманы;

8) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір сұрақ бойынша «жақтаймын», «қарсымын», «қалыс қалдым» сөздерімен берілген дауыс берудің нұсқаларын;

9) күн тәртібіндегі әрбір сұрақ бойынша дауыс берудің тәртібін (бюллетендерді толтыруды) түсіндіруді.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге осы тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтердің көрсетілуі арқылы акционер – жеке тұлғамен қолы қойылуы керек.

Акционер – заңды тұлғаның сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысының қолы қойылуы және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылуы керек (бар болған жағдайда).

Акционер – жеке тұлғаның қолы не акционер – заңды тұлғаның басшысының қолы қойылмаған, сонымен бірге заңды тұлғаның мөрі қойылмаған (бар болған жағдайда) бюллетень заңсыз болып саналады.

Дауыстарды санау кезінде акционерлердің бюллетендегі анықталған тәртібін сақтаған және дауыс берудің нұсқаларының бірі ғана белгіленген сұрақтар бойынша дауыстар есепке алынады.

Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау туралы сұрақтар мазмұндалған болса сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде жекелеген үміткерлерге берілген дауыстардың санын көрсетуге арналған орын болуы керек.

Егер сырттай дауыс беру арқылы өткізілген акционерлердің жалпы жиналысының тиісті түрде толтырылған бюллетендері барлық акционерлерден дауыстарды санаудың белгіленген күнінен ерте келіп түскен болса, онда дауыстарды анағұрлым ерте күнмен санауға рұқсат етіледі, бұл дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі.

Егер, бұрын сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді жіберген акционер аралас дауыс беруге қолданылатын акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның бюллетені акционерлердің жалпы жиналысының кворуммен анықтаған және күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша дауыстарды санаған кезде есепке алынбайды.

72. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидасымен жүзеге асырылады, тек мына жағдайлардан басқа кездерде:

1) Қазақстан Республикасының заңды актілерінде қарастырылған жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойынша дауыстардың ең көп санының шектелуі;

2) Директорлар кеңесін сайлау кезіндегі жинақтап дауыс беру;

3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығына ие әрбір тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің тәртіптік мәселелері бойынша бір дауыстан ұсыну.

Акциялар бойынша ұсынылатын жинақтап дауыс беру кезінде акционер Директорлар кеңесіне мүшелікке бір үміткерге толықтай дауысын беруі немесе олармен бірнеше Директорлар кеңесінің мүшелігінен үміткерлердің арасында бөлініп берілуі мүмкін. Ең көп дауыс алған үміткерлер Директорлар кеңесіне сайланған болып саналады.

73. Егер, қатысу тәртібімен өтіп жатқан акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асатын болса, бұндай дауыс беруге арналған бюллетендер дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асатын әрбір жеке сұрақ бойынша

жасалуы керек. Сонымен бірге қатысу тәртібімен жасырын дауыс беруге арналған бюллетень мыналарды мазмұндауы керек:

1) жиналыстың күн тәртібіндегі мәселенің тұжырымдамасын немесе оның реттік номерін;

2) «жақтаймын», «қарсымын», «қалыс қалдым» сөздерімен берілген дауыс берудің нұсқаларын, немесе Қоғамның органдарына әрбір үміткер бойынша дауыс берудің нұсқаларын;

3) акционерге тиесілі дауыстардың санын.

Акционердің өзі, сонымен бірге Акционерлік қоғамдар туралы заңға сәйкес, өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы талапты Қоғамға ұсыну мақсатында бюллетенге қол қоюға тілек білдерген жағдайынан басқа кезде, қатысу тәртібімен жасырын дауыс беруге арналған бюллетенге акционердің қолы қойылмайды.

Қатысу тәртібімен жасырын дауыс беруге арналған бюллетендер бойынша дауыстарды санау кезінде бюллетендегі анықталған тәртібін сақтаған және дауыс берудің нұсқаларының бірі ғана белгіленген сұрақтар бойынша дауыстар есепке алынады.

74. Дауыс берудің қорытындылары бойынша есептік комиссия дауыс берудің қорытындылары туралы хаттаманы жасайды және қолын қояды.

Акционерде дауыс беруге қойылған сұрақ бойынша ерекше пікірі бар болған кезінде Қоғамның есептік комиссиясы хаттамаға сәйкесінше жазбаны енгізуге міндетті.

Дауыс берудің қорытындылары туралы хаттама жасалғаннан және қолдар қойылғаннан кейін, осылардың негізінде хаттама жасалынған, толтырылған сырттай және қатысу тәртібімен дауыс беруге арналған бюллетендер (сонымен бірге жарамсыз деп танылған бюллетендер) хаттамамен бірге тігіледі және Қоғамда сақталады.

Дауыс берудің қорытындылары туралы хаттама акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасына қосылуға жатады.

Дауыс берудің қорытындылары дауыс беру жүргізілген акционерлердің жалпы жиналысында жария етіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс берудің қорытындылары немесе сырттай дауыс берудің нәтижелері акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он бес күннің ішінде Жарғының 6 тармағында көрсетілген Қоғамның корпоративтік веб-сайтында жарияланып, акционерге жазбаша хабарламаны жіберу арқылы акционерлерге мәлім етіледі.

75. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күнінің ішінде жасалуы және қол қойылуы керек.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетіледі:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің күні, уақыты және орны;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акцияларының саны туралы мәлімет;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берудің тәртібі;
- 7) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы және хатшысы;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысында қатысып сөз сөйлейтін тұлғалар;
- 9) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде дауыс беруге қойылған әрбір сұрақ бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;
- 10) дауыс беруге қойылған сұрақтар, олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 11) акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданған шешімдер.

Жалпы жиналыста қоғамның Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы сұрақ қаралған жағдайда жалпы жиналыстың хаттамасында: директорлар Кеңесінің сайланған мүшесі қандай акционердің өкілі болып табылатыны

және (немесе) Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қолдары қойылуы керек:

1) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасының (төралқаның) және хатшысының;

2) есептік комиссия мүшелерінің;

3) Қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан да көп пайызына ие және акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің.

Хаттамаға қолын қоюға міндетті тұлғаның хаттамаға қолын қоюы мүмкін болмаған жағдайда, оның өкілімен өзіне берілген сенімхаттың негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңына немесе Шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін танытуға құқығы бар тұлғамен хаттамаға қол қойылады.

Осы тармақтың 4 бөлігінде көрсетілген қандай да бір тұлға хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайында, осы тұлға бас тартуының жазбаша түсініктемесін ұсыну арқылы хаттамаға қол қоюдан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қосылатын болады.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс берудің қорытындыларының хаттамасымен, жалпы жиналысқа қатысу мен дауыс беру құқығына берілген сенімхатпен, сонымен бірге хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тартуының себептерін жазбаша түсіндірмелерімен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар атқарушы органмен сақталуы және акционерлерге танысуы үшін кез-келген уақытта ұсынылуы керек. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

76. Директорлар кеңесі Акционерлік қоғамдар туралы заңымен және/немесе осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерден басқа Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Егер Акционерлік қоғамдар туралы заңымен өзгесі белгіленбеген болса, **Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:**

1) Қоғамның қызметінің басым бағыттарын анықтау;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысы шақыру туралы шешімді қабылдау;

3) жарияланған акциялардың санының шегінде акцияларды орналастыру (сату), сонымен бірге орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастырудың тәсілі мен бағасы туралы шешімді қабылдау;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алудың бағасы туралы шешімді қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

6) алдыңғы қаржылық жыл бойынша Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі туралы ұсыныстарды және бір жай акцияға дивидендтің көлемін анықтап, оны жалпы жиналыста жариялау;

7) облигацияларды және Қоғамның өндірістік бағалы қағаздарын шығарудың шарттарын анықтау, сонымен қатар оларды шығару туралы шешім қабылдау;

8) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сонымен бірге оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және Басқарма туралы Ережені бекіту;

9) Басшы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақыларының көлемі мен еңбегін төлеудің шарттарын және сыйақы төлеуді анықтау;

10) құқықтық сұрақтар мен трансформация мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшелер басшыларын, не аталған қызметтерді жеке жүзеге асыратын тұлғаларды, сонымен қатар Қоғамның экономика және қаржы бойынша басқарушы директорын және бас бухгалтерін тағайындауды келісу;

11) Қоғамның тауарларды, жұмысты және қызметтерді көтере сатып алу бойынша белгіленген рәсімдерін жүзеге асыруға жауапты қоғамның құрылымдық бөлімше басшысын қызметінен босату және тағайындау;

12) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, еңбек жалақысын төлеу мөлшері мен шартын және ішкі аудит қызметі жұмысшыларына сыйақы төлеуді, қоғамның қызметін регламенттейтін ішкі және басқа да құжаттардың қызметі туралы Ережені анықтау;

13) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттігінің мерзімін және оны уақытынан бұрын тоқтатуды анықтау, сонымен қатар корпоративтік хатшыға сыйақы мен лауазымдық жалақысының мөлшерін анықтау, корпоративтік хатшы туралы Ережені бекіту;

14) Қоғамның акцияларын төлеуге берілген немесе ірі келісім заты болып табылатын мүлікті нарықтық құны бойынша есептеп берген бағалаушының сонымен қатар аудиторлық ұйымның қызметтерін төлеу мөлшерін анықтау;

15) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы органның қабылдайтын құжаттарынан басқа), соның ішінде тәртіппен шарттарды белгілейтін құжаттарды бекіту; қоғамның бағалы қағаздарын жазу және аукциондарды өткізуі; қоғамның хеджирлеу саясатын жүзеге асыруы; қоғамның басқа заңды тұлғаларға несие (қарыз) беруі; қоғамның есепке алу саясатын жүзеге асыруы; қоғамның салықтық саясатын жүзеге асыруы; қоғам қызметкерлерін материалдық көтермелеу және еңбекақысын төлеу; қоғам қызметкерлерін іссапарға жіберу және олардың іссапарға кеткен шығындарын төлеу; өкілдік шығындарды ресімдеу және оларды шығысқа шығару; қоғам активтерін сатуды жүзеге асыру; демеуші және қайырымдылық көмек көрсету; корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясаты;

16) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімді қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;

17) Қоғаммен басқа заңды тұлғалардың акцияларының он не оданда көп пайызын (жарғылық капиталға қатысты үлесімен) сатып алу (иеліктен шығару) туралы шешім қабылдау;

18) акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыреттілігіне жатқызылған акцияларының он не одан да көп пайызы (жарғылық капиталға қатысты үлесімен) Қоғам иелігіне жататын заңды тұлғаның қызметінің мәселесі бойынша шешім қабылдау;

19) Қоғамның міндеттемелерін оның меншік капиталының он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға көбейту және сәйкес келісімдер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

20) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен құпия ретінде сақталатын Қоғам және оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

21) ірі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

22) Қоғам мүдделілік танытқан мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

23) Қоғамға тиесілі активтердің барлығын алғанда сомасы 25 пайыздан кем болатын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруы мен қызметіне қатысуы немесе өзге заңды тұлғалардың қатысушысы (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешімді қабылдау;

24) Қоғамның штаттық санын және ұйымдық құрылымын бекіту, оның орталық басқару аппаратын, филиалдарын және өкілдіктерін қосқанда;

25) директорлар Кеңесінің комитетін құру туралы шешім қабылдау және олар туралы Ережені бекіту;

26) Қоғамның қаржылық-шаруашылық және өндірістік қызметі туралы тоқсандық негіздегі есептемелерін қарау;

- 27) Қоғамның даму Жоспарын бекіту;
- 28) Қоғамның орташа шұғыл қаржылық жоспарын бекіту;
- 29) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің жылдық шоғырланған жоспарларын бекіту: бюджетті, қаржылық жоспарды, инвестициялаудың жиынтық жоспарын, әкімшілік шығыстардың сметаларын;
- 30) қызметтік көліктермен және қызметтік кезекші көліктермен қамтамасыздандырылу нормативтерін және Қоғамның әкімшілік аппаратын орналастыру аумағының нормаларын анықтау;
- 31) Қоғам қызметшісіне ұялы байланысты пайдалану құқығын ұсынған жағдайда, Қоғам қаражатының есебінен төленетін шығыстардың лимиттерін анықтау;
- 32) Қоғамның ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша сәйкес шешімдерді қабылдау;
- 33) жер қойнауын пайдалану құқығын иеліктен шығару мәселелері бойынша шешім қабылдау, жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарына өзгертулер енгізу (заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізілуімен немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен, реквизииттердің өзгеруімен және редакциялық сипатқа ие өзгерістер енгізілуімен байланысты өзгертілген келісім-шарттарды қоспағанда);
- 34) Қоғам Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің қызметтерінің түйінді көрсеткіштерін және олардың мақсатының мәндерін, Ішкі аудит қызметінің және корпоративтік хатшының қызметтерінің түйінді көрсеткіштерін бекіту, Қоғамның басқарушы қызметкерлері қызметтерінің тиімділігін бағалау ережелерін бекіту;
- 35) Қоғамның корпоративтік дау-жанжалдарды реттеу бойынша жұмыстарды жүргізуі туралы ережені бекіту;
- 36) тәуекелдерді басқару бойынша Қоғамның ішкі құжаттарын, оның ішінде тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру стратегиясын, тәуекелдерді басқару саясатын, тәуекелдердің тіркеу кітабы мен картасын, сонымен қатар тәуекелдерді басқару саясатымен қарастырылған тәуекелдерді басқару бойынша басқа құжаттарды бекіту.
- 37) акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын, Акционерлік қоғамдар туралы заңмен және/немесе осы Жарғымен қарастырылған басқа да мәселелер.

Осы тармақтың 1)-37) тармақшаларымен белгіленген мәселелер шешуі үшін Басқармаға беріле алмайды.

77. Директорлар кеңесі міндетті:

- 1) лауазымды тұлға және акционерлер дәрежесінде әлеуетті мүдделер жанжалдарын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалану және мүдделілік танытылған келісімдерді жасасу кезінде қиянат жасауды бақылау және мүмкіндігінше оларды жою;
- 2) Қоғамда корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыру.

Директорлар Кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімді қабылдауына, сонымен бірге акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне қарама-қайшы келетін шешімді қабылдауына құқығы жоқ.

78. Ең маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне кепілдеме дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады. Директорлар кеңесінің комитеттері келесі мәселелерді қарастырады:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар мен сыйақы;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа мәселелер.

Осы тармақта аталған мәселелерді қарау бір немесе бірнеше Директорлар кеңесінің комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеті Директорлар кеңесінің мүшелері мен нақтылы комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімге ие сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің Комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Қызметіне осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәселелерді қарау жатқызылатын Директорлар кеңесі Комитеттерінің Басшылары (төрағалары), тәуелсіз директорлар болып табылады.

Басқарма басшысы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитетінің қалыптасуы мен оның қызметінің тәртібі, саны, сонымен қатар олардың сандық құрамы Директорлар кеңесімен бекітілетін Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

79. Тек жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Директорлар кеңесінің мүшесі Акционерлік қоғамдар туралы заңға және/немесе Қоғам Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген міндеттерді орындауды басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардың қатарынан сайланады:

1) акционерлер – жеке тұлғалардан;
2) акционерлердің мүдделерін ұсынушы ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалардан;

3) Директорлар кеңесі мүшелігіне Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің мүддесін ұсынушы ретінде сайлануға ұсынылмаған тұлға сайлана алады.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау дауыс беру бюллетендерін пайдаланумен жинақтап дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат дауысқа салынған жағдайды қоспағанда.

Кумулятивті дауыс беру бюллетендерінде келесі жолдар мазмұндалуы керек:

1) Директорлар кеңесі мүшелігіне кандидаттар тізімі;
2) акционерге тиесілі дауыстар саны;
3) Директорлар кеңесі мүшелігіне кандидат үшін акционермен берілген дауыстар саны.

Кумулятивті дауыс беруге арналған бюллетенге дауыс берудің «қарсымын» және «қалыс қалдым» деген нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.

Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарын толығымен Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидаты үшін немесе оларды бірнеше кандидаттар арасында бөліп беруге құқылы. Директорлар кеңесінің мүшелігіне ең көп дауыс санын жинаған кандидаттар сайланған болып саналады. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың екеуі не одан да көбі тең дауыс санын жинаса, осы кандидаттарға қатысты акционерлерге тең дауыс санын жинаған кандидаттар көрсетілген кумулятивтік дауыс беру бюллетендерін ұсыну арқылы қосымша кумулятивті дауыс беру жүргізіледі.

Басқарма мүшелері, оның басшыларынан басқа Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

80. Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелері олардың міндеттерін орындау және акционерлер мен Қоғам мүддесі үшін Директорлар кеңесінің тиімді жұмыс жасауын ұйымдастыруға қажетті сәйкес жұмыс тәжірибесіне, білімге және біліктілікке ие болуы тиіс.

Тұлға Директорлар кеңесінің мүшелігіне сайлана алмайды, егер:

1) өтелмеген немесе белгіленген тәртіпте шешілмеген соттылығы бар болса;
2) жоғарғы оқу білімі жоқ болса;
3) бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бас директор, (Басқарманың басшысы (төрағасы), басшының орынбасары болған болса, сонымен қатар акцияларды жоюға немесе өтеуге мәжбүрленген кезден бір жылдан көп емес уақыт бұрын немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылып, уақытша тоқтатылған басқа заңды тұлғаның бас бухгалтерінің қызметін атқарған болса. Бұл қойылған талаптардың күші акцияларды жоюға немесе өтеуге мәжбүрленген немесе басқа заңды тұлғаның белгіленген тәртіппен

банкрот деп танылып, уақытша тоқтатылуы туралы шешім қабылданған сәттен бастап 5 жыл бойы күшін жоймайды.

81. Қоғам Директорларының кеңесі бес адамнан тұрады, оның ішінде біреуі оның Төрағасы, ал екеуі – тәуелсіз директорлар болып табылады.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз түрде бірнеше рет қайта сайлана алады, егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңымен және Қоғамның Корпоративтік басқару кодексімен қарастырылмаған болса.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігінің мерзімі акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленеді және бұл мерзім жаңа Директорлар кеңесінің сайлауы өтетін акционерлердің жалпы жиналысының уақытында аяқталады.

Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесі барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне ұсынылған жазбаша хабардар етуінің негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәтінен бастап тоқтайды.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған жинақтап дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, сонымен бірге қайтадан сайланған Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттігінің мерзімімен бір уақытта аяқталады.

82. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің арасынан Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен жасырын түрде дауыс беру арқылы сайланады.

Директорлар кеңесі кез-келген уақытта төрағаны қайта сайлауға құқылы. Директорлар кеңесінің Төрағасы Заңнамаға, осы Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес келесі қызметтерді жүзеге асырады:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және оның отырыстарын жүргізеді;

2) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және онда төрағалық етеді;

3) Директорлар кеңесінің отырыстарында хаттама жүргізуді ұйымдастырады;

4) Директорлар кеңесінің отырыстарының күн тәртібін даярлауды ұйымдастырады;

5) Қоғам атынан Қоғамның Басқарма Төрағасымен Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық қызметақысының мөлшері, еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттары белгіленген Еңбек шартын жасасады;

6) Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің қызметіне тиімді үлес қосуын, оның ішінде Директорлар кеңесінің мүшелері мен Қоғам Басқармасының мүшелерінің арасындағы сындарлы қарым-қатынасты қамтамасыз етеді, сонымен қатар өткен күнтізбелік жылға Директорлар кеңесінің қызметі туралы есептемені Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген мерзімде ұсынуды;

7) Қоғам акционерлерімен тиімді өзара қарым-қатынасты, оның ішінде олармен Қоғамның даму стратегиясын талқылауды, сонымен қатар Қоғам акционерлерінің көзқарастарын жалпы Директорлар кеңесіне жеткізуді қамтамасыз етеді;

8) Қоғам атынан тәуелсіз директорлармен, сонымен қатар Қоғамның ішкі аудит қызметінің басшысымен және Қоғамның корпоративтік хатшысымен жасасқан шарттарға қол қояды.

9) Қазақстан Республикасының Заңнамасымен және Қоғам Жарғысымен қарастырылған басқа қызметтерді жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның қызметін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

83. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе атқарушы органның бастамасы бойынша, не келесі тұлғалардың талабы бойынша шақырылады:

- 1) Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің.

Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесінің отырысының ұсынылған күн тәртібінде мазмұндалған сәйкесінше жазбаша хабарламаны жіберу арқылы ұсынылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Басқармаға өтініш беруге құқылы.

Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің төрағасымен немесе атқарушы органмен шақыру туралы талап келіп түскеннен кейін он күнтізбелік күннен кешіктірілмей шақырылуы керек.

Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты ұсынған тұлғаларды міндетті түрде шақыру арқылы өткізіледі.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаны жіберу тәртібі Директорлар кеңесімен анықталады.

Күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізу күнінен жеті күнтізбелік күннен кем емес күн бұрын ұсынылады.

Ірі мәмілені және/немесе жасасуға мүдделілік танытқан мәмілені жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселелер қарастырылған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары туралы мәліметтер, мәмілені орындау мерзімі мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі, сонымен қатар Акционерлік қоғамдар туралы заңының 69 бабының 1 тармағында қарастырылған жағдайда, бағалаушының есептемесі болуы тиіс.

Директорлар Кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы атқарушы органды алдын ала хабардар етуге міндетті.

84. Директорлар кеңесінің отырысын өткізудің қворумы Директорлар кеңесі мүшелерінің жартысынан кем болмауы керек.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны осы Жарғымен анықталған қворум үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері осындай акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешімді қабылдауға ғана құқылы.

Қоғамның әрбір Директорлар кеңесінің мүшесі бір дауысқа ие бола алады. Директорлар кеңесінің шешімі отырыста қатысып отырғаны Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауыстарымен қабылданады, Жарғының 76 тармағының 1), 4), 6), 7), 24), 27 -29) және 33) тармақшаларында қарастырылған сұрақтарды қоспағанда, бұлар бойынша шешімдер отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің білікті көпшілігімен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

85. Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешімді қабылдауға құқылы, онда тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

86. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған сұрақтар бойынша шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру бюллетенінде мазмұндалуы тиіс:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты шақыру бастаушысы туралы мәліметтер;

- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетендерді тапсырудың ақырғы күні;
- 4) Директорлар кеңесінің отырысын жүргізбей сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күні;
- 5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі;
- 6) егер Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінде басшы мен Басқарма мүшелерін сайлау туралы сұрақтар мазмұндалса, сайлауға ұсынылған кандидаттардың аты-жөні;
- 7) дауыс беру жүргізілетін сұрақтар бойынша тұжырымдама;
- 8) «жақтаймын», «қарсымын», «қалыс қалдым» сөздерімен айқындалған акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 9) күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша дауыс беру (бюллетендерді толтыру) тәртібін түсіндіру.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге Директорлар кеңесі мүшесінің, осы тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаты туралы мәліметтер көрсетіліп, қолы қойылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз болып саналады.

Дауыстарды санау кезінде Директорлар кеңесі мүшесімен бюллетенде анықталмаған дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің мүмкін болатын нұсқаларының біреуі ғана белгіленген сұрақтар бойынша дауыстар саналады. Белгіленген мерзімде алынған бюллетендердегі кворум болған кезде шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданған болып танылады, Жарғының 84 тармағының үшінші бөліміндегі ережелерді ескере отырып.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және Директорлар кеңесі хатшысының және төрағасының қолдары қойылуы керек.

87. Шешім ресімделгеннен кейін жиырма күннің ішінде, осы шешім солардың негізінде қабылданған бюллетендерді қосымша ұсыну арқылы Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі керек.

Қатысу тәртібімен өткізілген Директорлар кеңесінің отырысында қабылданған шешімі, отырысты өткізген күннен бастап үш күннің ішінде отырыста төрағалық етуші тұлғамен, және Директорлар кеңесінің хатшысымен жасалып және қолдары қойылатын хаттама арқылы ресімделеді және онда мазмұндалады:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізудің күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәлімет;
- 4) отырыстың күн тәртібін;
- 5) дауыс беруге қойылған сұрақтар және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір сұрақ бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі айқындалған олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа мәліметтер болуға тиіс.

88. Директорлар кеңесінің отырыстарының және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдерінің хаттамалары Қоғамда сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесінің мүшесінің талабы бойынша Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысуы үшін ұсынуы және (немесе) Қоғамның өкілетті қызметкерінің қолымен және Қоғамның мөрінің (бар болған жағдайда) бедерлемесімен куәландырылған хаттама мен шешімнің көшірмесін беруге міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе қоғамның Директорлар кеңесімен қабылданған шешімге қарсы дауыс берген қоғамның Директорлар кеңесінің

мүшесі Акционерлік қоғамдар туралы Заң және Жарғымен бекітілген тәртіпті бұзушылыққа сот тәртібі бойынша қарсы шыға алады.

89. Егер нақты шешіммен қоғамның және (немесе) акционердің заңды мүдделері мен құқығы бұзылса, онда сотта ол Акционерлік қоғамдар туралы заң мен Жарғының талаптары бұзылған қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен таласуына құқығы бар.

90. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық ету **Басқармамен** жүзеге асырылады. Басқарманы Басқарманың Төрағасы басқарады.

Басқарма Қоғам қызметінің осы Заңмен, ҚР өзге заң актілерімен және қоғамның Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Егер Басқарманың отырысына қатысып отырған тұлғалардың жартысынан көбі Басқарманың құрамына кіретін болса, онда Басқарманың шешім қабылдауға құқығы бар.

Басқарма Төрағасының және әрбір директорлар Кеңесінің мүшесі бір дауысқа ие бола алады. Директорлар Кеңесінің шешімі мәжіліске қатысып отырған директорлар Кеңесі мүшелерінің және оның Төрағасының қарапайым дауыстарының, басым көпшілігімен қабылданады (Жарғының 91 тармағының 3), 5) және 6) тармақшаларында қарастырылған мәселелерді қоспағанда, бұлар бойынша шешімдер Басқарма құрамына сайланған Басқарма мүшелерінің білікті көпшілігімен қабылданады). Егер дауыс тепе-тең болса, Директорлар кеңесінің төрағасының дауысы немесе, Директорлар кеңесінің мәжілісінде төрағалық етіп отырған тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, соның ішінде Қоғам Басқармасының басқа бір мүшесіне беруге рұқсат етілмейді.

91. Басқарманың ерекше құзыреттілігіне келесі мәселелер жатады:

1) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (акционерлердің жалпы жиналысымен, Қоғамның Директорлар кеңесімен және Басқарма Төрағасымен бекітілетін құжаттарды қоспағанда), оның ішінде саясаттарды, қағиданы, ережелерді және Қоғам қызметінің принциптерін, бағыттарын және ішкі тәртібін ұйымдастыруды анықтайтын басқа құжаттар;

2) филиалдардың басшыларын және Қоғамның өкілдіктерін тағайындау;

3) Қоғамның даму Стратегиясын, даму жоспарларын алдын ала директорлар Кеңесіне қарауға шығару және оны мақұлдау;

4) келісімге отыру туралы шешім қабылдау, Акционерлік қоғамдар туралы заңмен және Жарғымен Қоғамның басқа органдарының, сонымен қатар Басқарма Төрағасының құзыреттілігіне енгізілген келісімдерден басқа;

5) Қоғамның орталық басқару аппаратының штат кестесін, Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің штат кестесін бекіту, Директорлар кеңесімен бекітілген Қоғамның ұйымдық құрылымын және қызметкерлерінің штаттық санын ескере отырып;

6) Жалғыз құрылтайшы «Тайқоңыр» КЕ» КҚ құзыретіне жататын, оның Жарғысымен қарастырылған сұрақтар бойынша шешім қабылдау;

7) Директорлар кеңесімен бекітілген Қоғам бюджетімен қарастырылған қаражаттар шегінде және Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету туралы Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуі туралы шешім қабылдау;

8) Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі саясатын ескере отырып, Қоғамның өзінің өндірістік қызметін жүзеге асырып отырған елді мекендерінде әлеуметтік саланы дамытумен байланысты сұрақтар бойынша шешім қабылдау;

9) Қоғамның тарифтік саясатын бекіту;

10) Қоғамның тіркеу кітабын (регистр) және тәуекелдер картасын, тәуекел-тәбетін, сонымен қатар тәуекел мониторингі және оларды басқару бойынша тоқсандық есептемелерді, тәуекелдерді басқару бойынша басқа құжаттарды алдын ала мақұлдау және Директорлар кеңесіне қарау үшін ұсыну;

11) Контрагент-банктерге және депозиттеріне Қоғамның уақытша бос ақшалары орналастырыла алатын банк тізімдері үшін лимит бекіту, Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған Қоғамның тәуекелдерді басқару бойынша ішкі құжаттарын бекіту.

12) Директорлар кеңесіне тоқсандық негізде Қоғамның қаржылық-шаруашылық және өндірістік қызметі туралы есептемелерді ұсыну;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған, Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Қоғамның Басқарма Төрағасының құзыретіне жатқызылмаған басқа сұрақтар.

92. Басқарма акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімін атқаруға міндетті, сонымен қатар:

1) аудиторлық тапсырмаларды атқару кезінде ішкі аудит қызметінің жұмысшыларына қажетті құжаттарды дер уақытында ұсынуды және Қоғамның электрондық базасындағы мәліметтер мен активтеріне кедергісіз кіруді қамтамасыз ету;

2) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның және ішкі аудит қызметінің ұсынымдарының іске асырылуын және орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

3) Басқарманың құзыреттілігіне қатысы бар корпоративтік дауларды реттеуді жүзеге асыру;

4) Қоғамның мүлкіне қатысты қандай да бір тұлғаның (заңды және жеке) заң жолына қайшы іс-әрекетін тудыратын себептер мен жағдайларды табу және оларды жоюға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру;

5) акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды бақылауды және олар туралы ақпаратты мүдделі тұлғалардың (акционерлердің, Қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің) сұрауы бойынша ұсынуды қамтамасыз ету;

6) міндеттелген қызметті орындау кезінде Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сауал түскен сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Қоғам қызметі туралы ақпаратты мерзімінде ұсынуды қамтамасыз ету;

93. Басқарма құрамына Басқарма Төрағасы және Басқарма Төрағасының орынбасарлары кіреді, сонымен қатар Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен Қоғамның директорлар кеңесімен сайланатын басқа Басқарма мүшелері кіре алады.

Басқарма құрамына бестен кем емес адам кіреді. Басқарманы Басқарма Төрағасы басқарады.

Акционерлер және Қоғамның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлер Басқарма мүшесі бола алады.

Басқарманың мүшесі басқа ұйымда тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы.

Басқарманың Төрағасы басқа заңды тұлғаның атқарушы органының басшысының немесе атқарушы орган қызметін жеке жүзеге асыратын тұлға лауазымына ие болуға құқығы жоқ.

Төраға мен Басқарма мүшелерінің қызметі, құқықтары мен міндеттері а) Акционерлік қоғамдар туралы заңмен, Қазақстан Республикасының басқа заң шығарушы акттерімен, Жарғымен, Басқарма туралы Ережемен, сонымен қатар көрсетілген тұлғалардың Қоғаммен жасалған еңбек шартымен анықталады. Басқарма Төрағасымен жасалған еңбек шартына Қоғам атынан Директорлар кеңесінің Төрағасының немесе жалпы жиналыс немесе Директорлар кеңесімен осыған уәкіл етілген тұлғаның қолы қойылады. Басқарма мүшелерімен жасалған еңбек шартына Басқарма Төрағасының қолы қойылады.

94. Төраға мен Басқарма мүшелері олардың міндеттерін орындау және акционерлер мен Қоғам мүддесі үшін Басқарманың тиімді жұмыс жасауын

ұйымдастыруға қажетті сәйкес жұмыс тәжірибесіне, білімге және біліктілікке ие болуы тиіс.

Төраға мен Басқарма мүшелерін сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы Жарғының 63 тармағының 1)-5) тармақшасында қарастырылған ақпарат болуы керек.

95. Қазақстан Республикасының Заңымен және Қоғамның Корпоративтік басқару кодексімен қарастырылмаған жағдайда, Қоғам Басқармасының құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз сан рет қайта сайлана алады.

Басқару өкілеттігінің мерзімі Директорлар кеңесімен бекітіледі және жаңа Басқарманы таңдау үшін келесі Директорлар кеңесінің отырысы өткізілген кезде бұл мерзімнің уақыты өтіп кеткен болып есептеледі.

Директорлар кеңесі Басқарманың барлық немесе жеке мүшелерін, сонымен қатар Басқарма Төрағасының өкілеттігін уақытынан бұрын тоқтату құқығына ие.

Басқарма мүшесінің не Басқарма Төрағасының өкілеттігі уақытынан бұрын тоқтатылған жағдайда, жаңа Басқарма мүшесі мен Басқарма Төрағасын сайлау Директорлар кеңесінің дауыс беруші мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігімен Директорлар кеңесінде жүзеге асырылады, мұндай жағдайда қайта сайланған Басқарма мүшесі мен Басқарма Төрағасының өкілеттігінің мерзімі бір уақытта тоқтатылады, яғни Басқарма өкілеттігінің мерзімі жалпы өтілген кезде.

96. Басқарма мүшелері мен оның Төрағасы:

1) Қоғам меншігін Жарғыға, акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешіміне қарама-қайшы қолдануға немесе оның қарама-қайшы қолданылуына жол бермеуі керек, сонымен қатар жеке басының мақсатында пайдалануға және өзінің үлестес тұлғаларымен келісім жасау кезінде өзінің қызмет орнын пайдаланып қиянат етпеуі керек;

2) Қоғамға залал келтіретін себептерді жою үшін және оның қызметін оңтайландыру мақсатында барлық қолдан келетін амал-тәсілдер мен қаражатты пайдалана отырып қажетті шара қабылдауға міндетті.

97. Басқарма жауапты:

1) ішкі бақылау рәсімдерін жасап шығаруға және оны қолдануға, сонымен қатар Қоғамдағы қауіп-қатерлерді басқаруға;

2) акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесімен алға қойылған Қоғамның функционалды қызметтерінің мақсаттарын жүзеге асыру үшін еңбек және қаржылық қорды бөлуге;

3) Қоғам бюджетінің шамасына қарай Директорлар кеңесін өз қызметін толық бағалы орындауы үшін қажетті қормен қамтамасыз етуге;

4) Қоғам мүддесінде шешімдер қабылдау;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа міндеттерді атқарады.

98. Басқарма отырыстары қажеттілік туған жағдайда, бірақ бір айдан сирек емес Басқарманың орналасу орны бойынша өткізіледі. Басқарма отырысына шақыру және оны өткізу тәртібі Басқарма туралы Ережелермен анықталады.

Қарау мақсатында алға қойылатын мәселелерді ұсыну құқығы Төраға мен Басқарма мүшелеріне тиесілі.

99. Отырыс өткізілген сәттен бастап үш жұмыс күнінің ішінде хаттама Басқарма хатшысымен жасалып, отрысқа қатысып отырған барлық Басқарма мүшелерімен қол қойылып, рәсімделуі керек және мазмұнында:

1) қоғамның атқарушы органының орналасқан жері мен толық аты;

2) отырыстың өткізілген орны мен уақыты, күні;

3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;

4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауыс беруге қойылған сұрақтар және әрбір сұрақ бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелері айқындалған олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) директорлар Кеңесінің шешімі туралы басқа да мәліметтер болуы керек.

100. Басқарма отырысының хаттамалары Қоғамда сақталады.

Басқарма хатшысы, Басқарма мүшесінің талабы бойынша оған танысу үшін қоғамның сенімді уәкілінің қолымен куәландырылған және қоғамның мөрімен бедерлемеленген (бар болған жағдайда) Басқарма отырысының хаттамасының көшірмесін беру керек.

101. Қоғам оның Басқармасы жасаған келісімнің шындығына дауласуға құқылы, егер екі жақ та келісімге отыру кезінде қоғаммен белгіленген шектеулер туралы хабардар болғандығын және оның бұзылғандығын дәлелдей алса.

102. Қоғам Басқармасының Төрағасы:

1) акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесінің шешімінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен Қоғам атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасай алады;

3) үшінші тұлғалармен Қоғам атынан өкілдік етуге құқық беретін сенімхат бере алады;

4) мүлікті емес сипаттағы және нәтижесінде Қоғам құны өзінің жекеменшік капиталының көлемінің үш пайызынан аспайтын мүлікті сатып алатын немесе оны иелігінен шығаратын (сатып алуы немесе иелігінен шығарылуы мүмкін) мәмілелерді, өтеусіз мәмілелерді, сонымен қатар құпиялылық туралы (ақпаратты жарияламау туралы келісімдерді) туралы келісімдерді, ынтымақтастық (өзара түсінушілік) туралы меморандумдарды жасасады;

5) Қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, орнын ауыстыру мен жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Акционерлік қоғамдар туралы заң мен Жарғыда бекітілген жағдайлардан басқа), оларға көтермелеу шараларын қолданып, тәртіптік жаза жүктей алады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақы мөлшерін және еңбекақыны арнайы үстемелеу мөлшерін белгілейді, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйақы мөлшерін анықтайды, Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді және Қоғамның корпоративтік хатшысын қоспағанда;

6) өзі болмаған жағдайда, өзінің атқаратын міндеттерін Басқарма мүшесінің біреуіне жүктейді;

7) Қоғамның Басқарма мүшелерінің, экономика және қаржы бойынша басқарушы директоры мен аппарат басшысының арасында міндеттерді, сонымен қатар өкілеттік салаларын және жауапкершіліктерді бөліп береді;

8) Қоғамның орталық басқару аппаратының құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді, Қоғамның орталық басқармасының қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын, Қоғам стандарттарын, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша, регламенттерді, сонымен қатар акционерлердің жалпы жиналысымен, Директорлар кеңесімен, Басқармамен бекітілген ішкі құжаттардың қолданылуын анықтайтын нұсқаулықтарды бекітеді;

9) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін жүргізу үшін Қоғам атынан аудиторлық ұйыммен келісім-шарт жасайды;

10) Қоғамның орталық басқару аппаратының, оның филиалдары мен өкілдіктерінің жұмыс істеу тәртібін белгілейді;

11) құзыреттілігінің шегінде бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

12) Қоғам бағдарламаларының ағымдағы және перспективалық жоспарларының орындалуын қамтамасыз етеді;

13) теңге және шетелдік валютада Қоғамның банктік шоттарын ашады және жабады;

14) Басқарма отырысын шақырады;

15) Директорлар кеңесімен, акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен және Жарғымен анықталған қызметтің басқа түрлерін жүзеге асырады.

103. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін, ішкі бақылау саласын бағалау мақсатында, Қоғам қызметін толық жетілдіру мақсатында қауіп-қатерлерді басқару және кеңес беру үшін **Ішкі аудит қызметі құрылады.**

Ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынышты және өзінің жұмысы туралы оның алдында есеп береді.

104. Ішкі аудит қызметінің сандық құрамы Директорлар кеңесімен анықталады және Директорлар кеңесінің мүшелерінің жай көпшілік даусымен ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелері анықталады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Акционерлер мен Қоғамның мүддесін қорғау мақсатында ішкі аудит қызметінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және міндеттерін атқару үшін қажетті сәйкес жұмыс тәжірибесіне, білім мен біліктілікке ие болуы тиіс.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындау мәселелері бойынша материалдардың мазмұнында ұсынылып отырған кандидатар туралы Жарғының 63 тармағының 1)-5) тармақшасымен қарастырылған ақпараттар болуы тиіс.

105. Қоғамның ішкі аудит қызметінің басшысы немесе мүшесі қызметіне тағайындалған тұлғалар осы қызметтерге шектеусіз сан рет қайта тағайындала алады, егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңымен және Қоғамның Корпоративтік басқару кодексімен қарастырылмаса.

Ішкі аудит қызметкерлерінің өкілеттігінің мерзімі Директорлар кеңесімен белгіленеді және бұл мерзім ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің жаңа құрамын тағайындау үшін өтетін Директорлар кеңесінің отырысында аяқталады.

Директорлар кеңесі ішкі аудит қызметінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасында көрсетілген тәртіпті сақтай отырып, Директорлар кеңесіне ұсынылған жазбаша хабардар етуінің негізінде жүзеге асырылады.

Ішкі аудит қызметі қызметкерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда ішкі аудит қызметінің жаңа қызметкерін тағайындау Директорлар кеңесінің көпшілік дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады, сонымен бірге қайта тағайындалған ішкі аудит қызметі қызметкерінің өкілеттігі ішкі аудит қызметінің жалпы өкілеттігінің мерзімімен бір уақытта аяқталады.

106. Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің қызметі, құқығы мен міндеттері Акционерлік қоғамдар туралы заңмен, Қазақстан Республикасының басқа заңды актілерімен, Жарғымен, ішкі аудит қызметі туралы Ережемен және Қоғамның қызметін регламенттейтін басқа құжаттармен, сонымен қатар Қоғамның көрсетілген тұлғалармен жасалатын еңбек шартымен анықталады.

Қоғам мен ішкі аудит қызметі басшысының (бастығының) арасында жасалған еңбек шартына Қоғам атынан Директорлар кеңесінің Төрағасының немесе жалпы жиналыспен не Директорлар кеңесімен уәкілетті етілген тұлғаның қолы қойылу керек. Ішкі аудит қызметінің басқа қызметкерлерімен жасалған еңбек шартына Қоғамның Басқарма Төрағасының қолы қойылады.

11. Қоғамның корпоративтік хатшысы

107. Қоғамның корпоративтік хатшысы – Директорлар кеңесінің және/немесе Басқарманың мүшесі болып табылмайтын Қоғамның қызметкері, ол Директорлар кеңесімен тағайындалады және оның алдында есепті болады, сонымен қатар өз

